

## Теректі ауданы Новопавловка ауылдық округі Новопавловка ауылындағы кейбір көше атауларын қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Новопавловка ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 16 қыркүйектегі № 4 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 қазанда № 4100 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Новопавловка ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Новопавловка ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Теректі ауданы Новопавловка ауылдық округі Новопавловка ауылындағы кейбір көше атаулары:

"60 лет Октября" көшесі – "Абай Құнанбаев" көшесі;

"Советская" көшесі – "Тәуелсіздік" көшесі;

"Мичурина" көшесі – "Ы. Алтынсарин" көшесі;

"Колхозная" көшесі – "Астана" көшесі деп қайта аталсын.

2. Новопавловка ауылдық округі әкімінің аппаратының бас маманы (А. Джасыбекова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялауын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Новопавловка ауылдық округінің әкімі*

*Ә. Аманғазы*